

Тақырыбы:

Жаңа білім беру
жүйесі

Орындағандар: Жакенов
Алишер; Нурмолдин Нурбай.
Ин(о)-16к

***Қазақстан Республикасының Білім беру туралы
Заңы — республика азаматтарының білім алуға
конституциялық құқын қамтамасыз етуге
арналған заң.***

**Алғаш рет 1999 жылы 7-маусымда
қабылданды.**

**ҚР «Білім туралы» Заңы 2007 жылы
27 шілдеде қайта қабылданды.**

**2011 жылы 24 қазанда өзгерістер
мен толықтырулар енгізілді.**

Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңында:

- мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері, орталық және түрлі деңгейдегі жергілікті атқарушы органдар арасының білім беру саласындағы құзыретін шектеу белгіленген.*
- Заңда білім беру саласындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін, білім процесі субъектілерінің құқылары мен міндеттері, өкілеттілігі мен жауапкершілігі белгіленген.*
- Білім беру жүйесінің міндеттері көрсетіліп, осы сала ұйымдарының ережелері, бағдарламалары мен білім деңгейлері айқындалған.*
- Сондай-ақ, білім беру жүйесін басқару мен оның экономикасы, білім беру саласындағы халықаралық қызмет көрсетілген.*
- ҚР-ның білім беру саласында мұнан басқа да жекелеген нормативті актілері бар.*



12 жылдық білім моделі

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Бағдарлама ның негізі

*«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі негізгі Стратегиялық даму жоспары туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы
1 ақпандағы № 922 Жарлығы;
«Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту
туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы
19 наурыздағы № 957 Жарлығы*

Бағдарламан ы әзірлеген

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі*

Мақсаты

*Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің
қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами
капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін
арттыру*

Міндеттері:

- сапалы білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған білім беруді қаржыландырудың жаңа тетіктерін әзірлеу;
- білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету;
- педагог қызметкерлердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту;
- білім берудегі менеджментті жетілдіру, оның ішінде корпоративтік басқару принциптерін енгізу, білім беруде мемлекеттік-жеке әріптестік жүйесін қалыптастыру;
- білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық білім статистикасын құру;
- 2015 жылға дейін 5-6 жастағы балаларды мектепалды даярлықпен толық қамтуды қамтамасыз ету;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету;

- *12 жыдық оқыту моделіне көшуді білім беру мазмұнын жаңғыртумен қоса жүзеге асыру;*
- *шағын жинақталған мектептердің (бұдан әрі – ШЖМ) проблемаларын шешу;*
- *мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру; экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, ТЖКБ мазмұнының құрылымын жаңарту;*
- экономика салалары үшін кадрлар даярлаудың инфрақұрылымын дамыту;
- ТЖКБ-да оқудың беделін арттыру;
- еліміздің индустриялық-инновациялық даму жобаларына сай келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету;
- жоғары білімнің еуропалық аймағына бірігуді қамтамасыз ету;
- білімнің, ғылымның және өндірістің бірігуін қамтамасыз ету, зияткерлік меншік пен технологиялардың өнімдерін коммерцияландыру үшін жағдай жасау.
- Жоғары білікті ғылыми және ғылыми–педагог кадрларды даярлау;
- өмір бойы оқыту, баршаға білім алу үшін жағдай жасау;
- жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуетін ашу тетіктерін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру;

- балаларды мектепке даярлау үшін олардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әртүрлі бағдарламаларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- республикадағы демографиялық жағдайды және халықтың білім алуға деген қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың вариативті желісін ұлғайту;
- мектепке дейінгі ұйымдардың тапшылығы проблемаларын шешу үшін қажетті қаржылық-экономикалық жағдайлар жасау;
- мектепке дейінгі ұйымдарды білікті кадрлармен толық қамтамасыз етуді жүзеге асыру және олардың біліктілігін тұрақты түрде арттыру;
- инклюзивті білім беруді дамыту (мектепке дейінгі ұйымдарды пандустармен, кіреберістермен, көтергіштермен, лифтілермен және т.б. жарақтандыру);
- оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын енгізу есебінен тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту;

Іске асыру кезеңдері :

**2011 – 2020 жылдар
Бағдарлама екі кезеңде
іске асырылатын болады:**

бірінші кезең: 2011
– 2015 жылдар

екінші кезең: 2016
– 2020 жылдар.



Оқытудың 12 жылдық білім беру жүйесі, шетел педагогикасындағы 12 жылдық білім беру тәжірибелері.

- Қазіргі кезде Еуропа кеңесінің (1992) Декларациясына сәйкес 12 жылдық білім беру жүйесіне дүниежүзінің 138 жуық мемлекеттері енген.*
- Олардың ішіне дамыған елдерден АҚШ, Жапония, Германия, Франция және т. б. кіреді. ТМД елдерінен 12 жылдық орта білім беру мерзімін Өзбекстан, Латвия, Литва, Эстония, Украина, Молдова таңдады.*
- Қазақстан 12 жылдық білім кеңістігіне енді ғана еніп жатыр. Қазіргі кезде ҚР 107 мектебінде 12 жылдық білім беру үдерісі эксперимент түрінде жүргізілуде.*

Оқытудың 12 жылдық білім беру жүйесі.

- ❖ **12 жылдық жалпы білім беру мектебі** «Жеке тұлға жетістігі» негізгі идеясы үлгісімен таңдалынып алынды.
- ❖ **12 жылдық оқытудағы негізгі әдістер:** оқушының жеке бас ерекшелігін, ішкі қажеттіліктерін ескере отырып жеке тұлғаға бағдарлап оқыту мен тәрбиелеу.
- ❖ **12 жылдық оқытудағы басты мақсат** - қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, жоғары білімді шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру.

12 жылдық білім беруге көшу төмендегі мәселелерге ерекше көңіл бөледі:

-жаңа білім технологияларының енгізілуі;

-оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі;

- терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы;

-оқушы жастарға азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру рөлінің күшейтілуі;

-өмірлік бағдар ретінде адам бойындағы құндылықтарға қажет жағдайда түзету енгізу және жаңадан жасау;

- білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі рөлінің артуы.

Оқытудың 12 жылдық білім беру жүйесіндегі бейінді оқыту ерекшеліктері.

- баға қойылмайды, ауызша бағаланады*
- Денсаулығын сақтау (сергіту сәті, психолог, медбикелердің жұмысы)*
- Шығармашыл (зерттеуге оқыту пәні)*
- Өз бетінше білім алу(зерттеу пәнінің әдістері)*